

С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТИ



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ
С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

Тақырыбы: Дәлелді медицина айқындамасында
медициналық профилактиканың өзекті сұрақтары.

Орындаған: Мағыртай А.
Тексерген: Жұмағазиева А.Ж
Курс: 3
Топ: 13-001-01қ

Алматы - 2016ж

ЖОСПАРЫ:

1.МАҚСАТЫ: ДӘЛЕЛДІ
ПРОФИЛАКТИКАНЫҢ
НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ
ЕНГІЗІЛЕТІН МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН
СКРИНИНГТІЛІК БАҒАЛАУДЫҢ
НӘТЕЖЕСІН ТАЛДАУ.

2.Міндеттері:

1.Дәлелді профилактика түрлері:

1.1)Бірінші профилактика

1.2) Екінші профилактика

1.3)Реабилитация

2.Скринингтің анықтамасы

2.1)Скринингтік бақылау

2.2)Тәжірибелік скрининг

3.Қорытынды

4.Қолданылған әдебиеттер

ДӘЛЕЛДІ МЕДИЦИНАЛЫҚ ПРОФИЛАКТИКА

- *Дәлелді медициналық профилактика — Денсаулық сақтау қызметінің, ауруды алдын ала анықтау, аурудың даму қауіпін төмендету және денсаулыққа әсер ететін ішкі және сыртқы орта факторларының әсерін төмендету болып табылады.*
- *Медициналық профилактика — Халықтың денсаулығын күшейту және аурулардың алдын алуға бағытталған ведомства аралық шаралардың комплексі*

БІРІНШІЛІК

ПРОФИЛАКТИК

А

- *Адам организмiне зиянды факторлардың әсер етуiн төмендетуге арналған шаралар, сонымен қатар экологиялық және санитарлық гигиеналық скрининг өткізу. (Атмосфералық ауаның сапасын, iшiмдiк суының, күнделiктi тұтұнатын тамақтың сапасын, жұмыс жағдайын және басқада фактоларды жақсарту)*
- *Салауатты өмiр салтын қалыптастыру жөнiндегi парадигмалар қалыптастыру. Информациялық прогандалық жүйе арқылы денсаулыққа керi әсер ететiн факторларды және олардың әсер етуiн төмендету. Санитарлық гигиеналық тәрбиелеу—халықтың санитарлық бiлiмiн арттыру арқылы жүзеге асыруға болады.*

ЕКІНШІЛІК ПРОФИЛАКТИКА

- ***Екіншілік профилактика (secondary prevention)***
- *Аурудың асқынуын, өршуін және де жұмыс істеу қабілетінің төмендеуін жоятын сонымен қатар мүгедектіктің алдын алуға бағытталған медикосоциалдық, санитарлық, гигиеналық, психологиялық және т.с.с. шараладың комплексі*



◎ *Екіншілік профилактика мыналарды қамтиды:*

- ◎ *Аурудың және оның ағымына әсер ететін факторларды анықтауға арналған, диспансерлік редакциялық бақылауды жүргізу.*

Науқастарды және оның отбасын жеке немесе топтық ауруларға байланысты Санитарлық гигиеналық білім беру.

- ◎ *Денсалыққа кері әсер ететін факторларын жоюға арналған емдік және Сауықтыру шараларын жүргізу.*



РЕАБИЛИТАЦИЯ

- ◎ *Реабилитация (rehabilitation) — аурудың салдарынан адам организмінің шектклген қызметін қайтадан қалпына келтіруге бағытталған медициналық, психологиялық, педагогикалық және социальды шаралар жиынтығы.*



МЕДИЦИНАЛЫҚ ПРОФИЛАКТИКАДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕР ЖӘНЕ ӘДІСТЕРГЕ ҚОЙЫЛЫАТЫН ТАЛАПТАР.

- ⊙ Қарапайым, кең көлемде қолдануға ыңғайлы.*
- ⊙ Арзан және уаққытты көп алмауы қажет.*
- ⊙ Қауіпсіз болуы керек.*
- ⊙ Нақты, объективті және сенімді болуы керек.*

**РЕСЕЙДЕГІ МЕДИЦИНАЛЫҚ ПРОФИЛАКТИКА.
ИНФЕКЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АУРУЛАРДЫҢ СКРИНИНГІЛІК
АНАЛИЗДІК СТАТИСТИКАСЫ**

<i>Дүние жүзінде</i>	<i>Өлім көрсеткішінің 60% инфекциялық емес аурулар салдарынан.</i>	
<i>Еуропада</i>	<i>Өлім көрсеткішінің 75% инфекциялық емес аурулар салдарынан.</i>	
<i>Ресейде</i>	<i>Өлім көрсеткішінің 80% инфекциялық емес аурулар салдарынан.</i>	
	<i>Қанайналым жүйесінің аурулар</i>	<i>56,1% 1,3 млн. адам</i>
	<i>Жарақаттар және уланулар</i>	<i>13,2% 300 мыңнан артық адам</i>
	<i>Онкологиялық аурулар</i>	<i>12,4% 287 мың адам</i>

- *Скрининг – бұл бірқатар ауруларды диагностикалаудағы заманауи және сенімді әдіс. Егер де скринингтің нәтижелері қанағаттанарлықсыз болса, онда диагнозды нақты анықтау және аурудың даму сатысын анықтау үшін қосымша зерттеулер жүргізіледі. Скринингтік тексерлудің мақсаты – бұл белгілі бір аурудан болтын өлімді азайту, денсаулық сақтаудың шығынын азайту, өмір сүру ұзақтығын және халықтың еңбекке қабілеттілік жасын ұлғайту.*

- ◎ *Бүгінгі күні диагностикада анық эффе́ктті қан липидтерінің және қан қысымын өлшеуді зерттеу талдаулары алынды. Скрининг кеуде рагінің дамуын айқындауда, жүктілік айларында ұрықтың жағдайын анықтауда ,көптеген аурулардың диагностикасында және алдын алуында қолданылады. Финляндиядағы ренгенологиялық зерттеулер өкпе туберкулезінің дамуның төмендеуіне алып келді.*

I триместр | триместрдің скринингі



- Аралас скринингте жүктіліктің I триместрінде болашақ аналарға ультрадыбысты скрининг жүргізіледі. Аталмыш жағдайда, сауалнамаға төмендегі параметрлер өлшеніп енгізіледі: құйымшақ-төбе сүйегінің өлшемі, жаға кеңістігінің қалыңдығы, олардың белгілері 3 мм-ден артық болса, ұрық дамуы дұрыс емес деген пікір тугызады.
- I триместрде биохимиялық скрининг жүкті әйелдің β -ХГЧ және РАРР-А қан талдауына жасалады.
- I триместрде пренатальды скрининг бойынша қанды 10-13 аптада өткізу керек. Содан кейінгі деңгейде биохимиялық скрининг көрсеткіштері, нәтижелері, УДЗ-ден кейінгі мәліметтер бойынша бала дамуының қауіп-қатерінен Дауна және Эдвардс синдромын анықтайды.

I триместр | триместрдің скринингі



- Аралас биохимиялық скрининг бойынша жүктіліктің II триместрінде жүкті әйел төмендегідей тексеруден өтуі тиіс:
- I-кезекте ультрадыбыс көмегімен жүргізілетін тексеру процедурасы, оны жүктіліктің 10-13 аптасында етеккір мерзімін есептей отырып өтуі қажет. Содан соң, биохимиялық скрининг аталмыш жағдайда жүкті әйел жалпы ХГЧ, сондай-ақ АФП және ерікті эстриол қан талдауларынан өтуі керек. 14-20 аптасында өтуге тиісті. Ең тиімдісі 16-18 аптада. Алынған нәтижелер бойынша төмендегідей мүмкін қауіп-қатерлерді анықтайды:
- Дауна синдромы, 21 трисома бойынша.
- Эдвардс синдромы, 18 трисома бойынша.
- Жүйке түтікшесінің ауытқуы.

жас нәресте скринингі



Қазіргі уақытта жүктілік кезінде ұрық дамуының патологиясының анықтайтын зертханалық скрининг бар. Төмендегі зерттеулер жүргізіледі:

- Жүкті әйел қанының сары суындағы хориондық гонадотропинінің деңгейін анықтау. Құрсақтың бұзылуы анықталған жағдайда жүкті әйелде жүктілік дамымайды немесе ұзу қаупі туады.
- Ана қанындағы ерікті эстриол деңгейін анықтау. Эстриол деңгейі ұрық-қағанақ жүйесінің жағдайын көрсетеді.
- жүкті әйел қанының сары суындағы α -фетопротейн деңгейін анықтау. α -фетопротейн ананың қан айналымына түсетін жүктілік кезіндегі ұрықтың өндіретін ақуызды анықтайды. α -фетопротейннің жоғарғы деңгейінде ұрықта төмендегі патологиялар болады: нефроз, он екі елі ішектің атрезиясы, омфалоцеле, анэнцефалия. Төменгі деңгейінде Дауна синдромына қатер туғызады.

Ұрық дамуының бұзылуының зертханалық скринингі



- Дүниеге келген сәбиге дер кезінде тұқымындағы қандай да бір аурудың алдын алу үшін көрсетілетін көмек неонатальды скрининг арқылы жүзеге асырылады. Тұқымындағы ауруды анықтау үшін төмендегі скрининг жүргізіледі:
 - ▣ Фенилкетонурияға скрининг аминақышқылдық алмасудың бұзылуын анықтайды, яғни сәбидің орталық жүйке жүйесінің фенилаланинінің аминақышқылының зақымдануы.
 - ▣ Туа біткен гипотиреозға скрининг, бұл ауруда сәбиде қалқанша безінің қызметінің жеткіліксіздігі туындайды. Яғни тиреоид гормонынан өндіру аз немесе мүлдем жүргізілмейді.
 - ▣ Адреногенитальды синдромға скрининг, бұл жағдайда сәбиде бүйрек безі қабының қызметінің бұзылуы пайда болады.
 - ▣ Галактоземияға скрининг, зат алмасу патологиясын сипаттайды, нәтижесінде глюкозадағы галактозаның айналуына мүмкіндік туғызатын ферменттің белсенділігінің азаюы немесе мүлдем болмауы.
 - ▣ Муковисцидозға скрининг. Тыныс алу және ас қорытудың патологиясы.